Исх. № 40-14-03/716 от 30.09.2026, Вход № 5488 от 30.09.2026

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазығұрт ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабына, Қазақстан Республикасы Премьер – Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығымен бекітілген Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына сәйкес, шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі **КОНКУРС** жариялайды.

Конкурстың өткізілетін күні, уақыты және орны: конкурс 2026 жылы 16 қараша сағат 16-00 де Қазығұрт ауданы, Қазығұрт елді мекені, Д.Қонаев көшесі № 2 «Д» үйде орналасқан «Кәсіпкерлік мектебі» ғимаратының екінші қабатының мәжіліс залында өткізіледі.

Өтінімдер беру мерзімі мен орны: Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдау хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында шыққан күннен 30 күнтізбелік күн өткеннен кейін басталады және 15 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер 2026 жылғы 13 қараша сағат 16-00 ге дейін Қазығұрт ауданы, Қазығұрт елді мекені, Д.Қонаев көшесі № 2 «Д» үйде орналасқан «Кәсіпкерлік мектебі» ғимаратының 1 қабат, № 6 бөлмесінде (кабинет) «Қазығұрт ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қабылданады.

Конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің сипаттамасы

№	Ауыл округ атауы	Барлық жер көлемі га	Оның ішінде			Жалға беру мерзімі	Жер учаскесінің пайдалану мақсаты	Бір жылдық жалға беру құны 1,0 гектарға, теңге
			Егістік га	Суармалы егістік га	Жайылым га			
1	Жігерген а/о	70,0			70,0	10 (он) жыл	А/ш өндірісін жүргізу үшін	15,45
2	Жігерген а/о	15,0			15,0	10 (он) жыл	А/ш өндірісін жүргізу үшін	15,45
3	Шарбұлақ а/о	22,7233			22,7233	10 (он) жыл	А/ш өндірісін жүргізу үшін	15,45
4	Қарабау а/о	15,0			15,0	10 (он) жыл	А/ш өндірісін жүргізу үшін	15,45
	Барлығы:	**122,7233**			**122,7233**			

1. Конкурсқа Қазақстан Республикасының жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар (шетелдіктердің қатысуынсыз) қатыса алады.
2. Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс;

3. Конкурсқа қатысуға арналған өтінім қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы "Ақпараттандыру туралы" Заңына сәйкес "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша беріледі.

"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берілген конкурсқа қатысуға арналған өтінім аудандық электрондық құжат айналымы арқылы түседі. Конкурсқа қатысуға арналған конкурстық ұсыныс аудандық органдарына өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін он бес жұмыс күні ішінде қолма-қол енгізіледі, одан кейін өтінім электрондық құжат айналымы жүйесінде тіркеледі.

4. **Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде Жер кодексінің 43-1 бабының 9-тармағына сәйкес:**

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес

Түркістан облысы Жер қатынастары басқармасының Қазығұрт ауданы бойынша Жер қатынастары бөлімі
Туркестанской области - Осіпанова Г.Т.
30.10.2026 11:19

Рег.№ 5488 Рег.дата 30.09.2026 Копия электронного документа. Дата: 30.10.2026 11:19. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

5. **Конкурстық ұсыныста:**

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 268 бұйрығымен бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуы тиіс.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

6. Конкурстық ұсыныстың, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

7. Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

8. Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде

"шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс";

" жылғы _____"_____ " дейін АШУҒА БОЛМАЙДЫ" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

9. Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімнен бас тартылады.

10. Қатысушы өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің өтінімін өзгерте немесе кері қайтара алады. Өзгеріс өтінім сияқты дайындалады, мөрленеді және ұсынылады. Мұндай өзгеріс немесе кері қайтару туралы хабарлама, егер оны аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін алған болса, жарамды болып табылады.

11. Өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

12. Конкурсқа қатысты барлық сұрақтарға жауаптар мен кеңесті Қазығұрт ауданының жерқатынастары бөлімінен алуға болады.

Мекен-жайы: Қазығұрт ауданы, Қазығұрт елді мекені, Қонаев көшесі № 2 «Д» үйінде орналасқан «Кәсіпкерлік мектебі» ғимараты, тел. 8 7782920092

16. Конкурсқа қатысуға өтінімнің нысаны:

Конкурсқа қатысуға өтінім
(заңды тұлғалар үшін)

(Кімге) **«Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ**

_____

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

(Кімнен)_____

(заңды тұлғаның атауы, мекен-жайы)

_____

Осы өтініммен _____

(жер учаскесінің сипаттамасы, жер көлемі)

_____

жер учаскесіне жалдау құқығын беру жөніндегі конкурсқа конкурстық құжаттама мен хабарламада көрсетілген талаптарға сәйкес қатысуға ниет білдіремін.

Осы конкурстық өтінімге қоса тіркеледі:

1. _____

(заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер)

2. _____

(жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер)

3. _____

(өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер)

4._____

(конкурстық ұсыныс)

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Керімхан Елнұра Дәмханқызы 30.09.2026 11:19
Түркістанской области - Оспанова Г.Т.

Рег.№ 5488 Рег.дата 30.09.2026 Копия электронного документа. Дата: 30.10.2026 11:19. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Шаруа немесе фермер қожолығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттілігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасауға міндеттенемін.

Заңды тұлға үшін:

_____ _____

(қолы) (қызметі, аты-жөні)

М.О.

Конкурсқа қатысуға өтінім

(жеке тұлғалар үшін)

(Кімге) **«Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ**

_____

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

(Кімнен) _____

(өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса)

Осы өтініммен_____

(жер учаскесінің сипаттамасы, жер көлемі)

_____

жер учаскесіне жалдау құқығын беру жөніндегі конкурсқа конкурстық құжаттама мен хабарламада көрсетілген талаптарға сәйкес қатысуға ниет білдіремін.

Өтімім беруші жеке тұлға туралы мәлімет және қос тігілеттін құжаттар тізбесі:

1. _____

(тұрғылықты жері)

1) Азаматтығы: _____

2) ЖСН: _____

3) Жеке куәлік мәліметтері: _____

2. _____

(конкурстық ұсыныс)

3. _____

4. _____

5. _____

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Шаруа немесе фермер қожолығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттілігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасауға міндеттенемін.

Жеке тұлға үшін:

_____ _____

(қолы) (аты-жөні)

Кеңсе қолтаңбасы

30.09.2026 09:43 ОСПАНОВА ГУЛЬМИРА

Көшбасшының қолтаңбасы

29.09.2026 12:53 ПӘРДЕБЕКҰЛЫ ҒАНИ

Кенжин Елмұрат Темірханұлы 30.10.2026 11:19
Туркестанской области - Оспанова Г.Т.

Рег.№ 5488 Рег.дата 30.09.2026 Копия электронного документа. Дата: 30.10.2026 11:19. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Керімхан Елмұрат Темірханұлы 30.10.2026 11:19
Туркестанской области - Оспанова Г.Т.

Рег.№ 5488 Рег.дата 30.09.2026 Копия электронного документа. Дата: 30.10.2026 11:19. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Құжат түрі	Кіріс құжат
Номер и дата документа	№ 5488 от 30.09.2026 г.
Организация/ отправитель	ОТДЕЛ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ СОЗАКСКОГО РАЙОНА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	ГУ "АППАРАТ АКИМА СОЗАКСКОГО РАЙОНА" ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	Государственное учреждение "Отдел земельных отношений акимата Созакского района" Көшбасшының қолтаңбасы: ПӘРДЕБЕКҰЛЫ ҒАНИ MIISSwYJ...o3OqO+A== Время подписи: 29.09.2026 12:53
	Государственное учреждение "Отдел земельных отношений акимата Созакского района" Кеңсе қолтаңбасы: ОСПАНОВА ГУЛЬМИРА MIISxQYJ...olo5DUWRZ Время подписи: 30.09.2026 09:43
	ЭЦП канцелярии: Алкенов Айбат Сансызбайұлы без ЭЦП Время подписи: 30.09.2026 10:12

Согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан настоящий электронный документ, соответствующий требованиям Цифрового кодекса Республики Казахстан и удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, уполномоченного на его подписание, равнозначен документу на бумажном носителе, подписанному собственноручной подписью.

Керімхан Ғимират Темірханұлы 30.10.2026 11:19
Туркестанской области

Рег.№ 5488 Рег.дата 30.09.2026 Копия электронного документа. Дата: 30.10.2026 11:19. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП